

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/OTQO1924>

***К. Е. Кожухметова¹, Б. Р. Кожухметова²,
Ж. Т. Балмагамбетова³, Б. К. Аязбаева⁴**

^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

^{3,4}Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-3278-5542>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1300-5447>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9190-3517>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2004-3369>

*e-mail: kamilita15@mail.ru

САЯСИ ДИСКУРС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ САЯСАТКЕРІ СӨЙЛЕУ ПОРТРЕТІНІҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Мақалада саяси дискурс пен қазақ саясаткері сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі қоғамның саяси мәдениетінің дамуы, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және саяси коммуникация рөлінің артуына байланысты. Саясаткердің көпшілік алдында сөйлеген сөзі оның кәсіби беделін қалыптастырып, саяси мақсаттарға жетуде шешуші рөл атқарады. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ саясаткері саяси дискурсының тілдік құралдарын, риторикалық тәсілдерін, прагматикалық стратегияларын анықтау, қоғамдық пікірге әсер ету тәсілдерін сөйлеу портретін талдау арқылы айқындау. Саяси дискурс тек идеялар мен құндылықтарды білдіру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар манипуляция, бұқаралық санаға ықпал ету және сендіру құралы ретінде де қарастырады. Зерттеуде саясаткердің сөйлеу портретінің семантикалық және прагматикалық аспектілерін айқындауға мүмкіндік беретін сыни дискурстық-талдау әдісі қолданылды. Талдау барысында саясаткер сөзіндегі эмоционалды үндеулер мен риторикалық стратегиялардың саяси мақсаттарға жетудегі рөлі анықталады. Теориялық тұрғыдан, жұмыс саяси

дискурстың құрылымы мен функцияларын тереңірек түсінуге үлес қосса, практикалық жағынан, саясаткердің шешендік сөздеріне прагмалингвистикалық талдау арқылы саясаткердің тұлғалық бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдар қарастырылды. Зерттеу қазақ саясаткерінің саяси коммуникацияның ерекшеліктерін анықтауға және тіл мен саясаттың өзара байланысын тереңірек түсінуге бағытталған.

Кілтті сөздер: саяси дискурс, прагмалингвистика, сөйлеу портреті, лексика-семантикалық талдау, сыни дискурстық-талдау, риторикалық тәсілдер, манипуляциялық құралдар, қоғамдық сана, әлеуметтік-коммуникативтік жағдай.

Кіріспе

Соңғы жылдары қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін зерттеу және саяси дискурстың прагмалингвистикалық ерекшеліктерін талдау мәселелері өзекті тақырыпқа айналды. Бұл құбылыс қоғамның саяси мәдениеті мен ақпараттық кеңістіктің жаңа деңгейге көтерілуімен және әлеуметтік коммуникация рөлінің артуымен тікелей байланысты. Тіл – билік пен қоғам арасындағы байланыс құралы. Сөйлеу портреті – адамның жеке тілдік ерекшеліктерін, қарым-қатынас жасау стилін, сөздік қорын, интонациясын және сөйлеу мәнерін сипаттайтын лингвистикалық ұғым. Бұл термин негізінен психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика және тіл мәдениеті салаларында зерттелсе, оның прагмалингвистикалық қырларына арналған еңбектер жоқтың қасы десек те болады. Сөйлеу портреті арқылы адамның әлеуметтік мәртебесін, кәсібін, жасы мен жынысын, тіпті мінез-құлықтық қасиеттерін анықтауға болады. Саясаткердің көпшілік алдында сөйлеген сөздері олардың тұлғалық және кәсіби беделін қалыптастырумен қатар, саяси мақсаттарға жетуде шешуші рөл атқарады. Сөйлеу портретіне жасалған прагмалингвистикалық талдау қоғамның саяси санасын қалыптастыру, әлеуметтік процестерді реттеу және халықты белгілі бір мақсаттарға жұмылдыру тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Саяси дискурс – саясаткердің қоғамдық және саяси кеңістіктегі әрекеттерінің негізгі көрінісі әрі оның тұлғалық және кәсіби ерекшеліктерінің айнасы. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және семантикалық аспектілерін зерттеу саясаткерлердің тілдік құралдарды қалай қолданатынын, аудиториямен тиімді қарым-қатынас орнату тетіктерін және қоғамдық пікірге ықпал ету әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Саяси дискурстың туындауына елдегі саяси жағдайлар, халықтың тұрмысындағы түйткілді мәселелерді шешуге әрекет жасау немесе халық пен үкімет арасындағы туындаған наразылық шараларына байланысты

сұрақтарға жауап беру және оның шешілуіне әрекет ету негіз болады. Осы мәселелерді жүзеге асыру үшін талқылау, саралау қажет [1, 40-б.].

Саяси дискурсқа беріліп жүрген анықтамалардың біріне тоқталар болсақ, Ресей ғалымы А. Н. Баранова, Саяси дискурс, бұл – «совокупность дискурсивных практик, идентифицирующих участников и формирующих конкретную тематику политической коммуникации», – дейді [2, 7–8-бб.]. Саяси дискурс тек саяси идеялар мен құндылықтарды жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар манипуляция, ықпал ету және сендіру құралы ретінде де қызмет етеді. Оның мазмұны мен құрылымы саясаткердің әлеуметтік рөлі мен беделін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан сөйлеу портретін зерттеу барысында саяси дискурстың тілдік ерекшеліктері мен прагматикалық стратегияларын, сондай-ақ оның мәнмәтіндік элементтерін мұқият талдау қажет.

Дискурс – әлеуметтік қарым-қатынастар мен мәдени процестерді бейнелейтін күрделі құбылыс. Дискурстық талдау әдісі қоғамдағы саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістерді түсінуге мүмкіндік беретін маңызды құрал. Ол **тілдің** әлеуметтік әсерін, билік пен идеологияны жүзеге асырудағы рөлін, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді айқындау механизмдерін зерттеуге бағытталған. Тілдік құралдардың (метафоралар, ұрандар, эмоционалды үндеулер) қоғамдық сана мен саяси ұстанымдарды қалыптастырудағы ықпалы ерекше орын алады. Саяси дискурстың прагматикалық аспектілерін зерттеу тіл мен саясат арасындағы өзара байланыс әлеуметтік-коммуникативтік жағдайларда айқын көрініс табады. Дискурс – бұл тілдің нақты коммуникативтік жағдайдағы қолданысын, сөйлеу әрекеттерінің мәнмәтіні мен мағынасын зерттейтін ұғым. Осы орайда Т. А. ван Дейктің: *«Дискурс — это не просто последовательность предложений. Это сложная структура, включающая текст, контекст и социальное взаимодействие, которые совместно определяют, как производится, интерпретируется и используется язык.»* [3, 34-б.], деген сөзі дискурс тілдік құралдардың тек мәтін деңгейінде ғана емес, оның әлеуметтік, мәдени, прагматикалық қолданысын түсінуге көмектесетін ұғым екенін дәлелдейді.

Осылайша, бұл тақырыптың өзектілігі екі негізгі факторға негізделген: біріншіден, саяси дискурс пен қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретінің өзіндік ерекшеліктеріне деген қызығушылықтың артуы; екіншіден, осы бағыттағы терең әрі жүйелі зерттеулердің жеткіліксіздігі. Әсіресе, саяси дискурста қолданылатын прагматикалық әдістер, риторикалық тәсілдер және манипуляциялық құралдар сияқты мәселелердің зерттелуі өзекті болып отыр. Теориялық тұрғыдан бұл зерттеу саяси дискурстың құрылымы мен қызметін тереңірек түсінуді, оның әлеуметтік-коммуникативтік мәнмәтініндегі рөлін

анықтауды қажет етсе, практикалық тұрғыда, саясаткердің шешендік қабілетін, ақпараттық сауаттылығын және халықпен тиімді байланыс орната алуын, оның тұлғалық қасиеттері мен идеологиясын, коммуникациялық шеберлігін т.б. көрсететін кешенді бейнесін білдіретін тілдік құралдарды талдаумен және сөйлеу портретін зерделеумен жүзеге асады.

Материалдар мен әдістері

Қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретіне прагмалингвистикалық талдау саяси дискурс теориясына [4, 58-6.], тілдік тұлға концепциясына [5, 125-6.], және прагмалингвистика қағидаттарына [6, 7-6.], негізделеді. Зерттеудің негізгі бағыты – саясаткерлердің коммуникативтік мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданатын прагматикалық стратегияларын және ықпал ету тактикаларын [7, 234-6.], анықтау.

Талдау әдістері: сапалық, салыстырмалы, мәнмәтіндік, мазмұндық талдаулар арқылы мәтін ішіндегі мағыналық астар, риторикалық құрылым, және прагматикалық белгілері анықталса, сапалық талдау саяси дискурстың құрылымын, стильдік ерекшеліктерін және ирония, экспрессия сияқты тілдік құралдарды байқауға мүмкіндік береді. Сындарлы-дискурстық талдау – айтылған сөздердің контексті мен мақсатын, қолданатын негізгі сөздер мен терминдер мағынасының лексика-семантикалық талдау әдісі, прагмалингвистикалық тұрғыдан имплициттік, астарлы мағыналарды анықтау. Риторикалық стратегиялар сендіру, аудиторияға әсер ету, дұрыс имидж құру, жанжалды бәсеңдету немесе пікірді манипуляциялау сияқты коммуникативтік мақсаттарды көздейді. Осы әдістер әрбір саясаткердің жеке сөйлеу стратегияларын айқындауға және олардың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін зерделеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелері және талқылауы

Прагмалингвистика және дискурстық талдау сөйлеушінің ниетін және сөйлеу әрекеттерінің адресатқа әсерін, мәнмәтінін ескеретін, тілді қарым-қатынастық қызметі тұрғысынан зерттейтін пәнаралық бағыт. Қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін прагмалингвистикалық және дискурстық тұрғыдан талдау – қазіргі лингвистикалық зерттеулердің өзекті бағыттарының бірі.

Прагмалингвистика тілдің нақты коммуникативтік жағдайларда қолданылуын зерттесе, дискурс талдауы тілді кең әлеуметтік контексте қарастырады, бұл Қазақстандағы саяси коммуникацияның ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ресей ғаламы Е. И. Шейгал: «Саяси дискурс – бұл саяси билікті иеленуге, сақтауға және жүзеге асыруға бағытталған ерекше дискурс түрі» деп атап өтеді [4, 59-6.]. Осыған байланысты саясаткердің сөйлеу портреті оның жеке тілдік ерекшеліктерін,

аудиториямен қарым-қатынас стратегиясын және қолданатын риторикалық әдістерін айқындайды.

Қазақстандағы саяси дискурсты зерттеу саясаткерлердің тілдік тұлғасын қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Осы орайда, Б. А. Ахатова «Саяси дискурс және тілдік сана» атты еңбегінде: «Саяси дискурс – қоғамдық санаға ықпал ететін қуатты құрал, ол белгілі бір стереотиптер мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады» деп жазады [8, 40-б.]. Прагмалингвистикалық талдау қазақ саясаткерлерінің манипуляция, сендіру және өзіндік саяси имидж қалыптастыру мақсатында тілдік құралдарды қалай қолданатынын анықтауға көмектессе, сындарлы-дискурстық тәсіл саяси коммуникация жүретін кең әлеуметтік және мәдени контексті қарастырады, бұл саяси мәлімдемелердің қалай қалыптасатынын және қабылданатынын түсінуге мүмкіндік береді. «Сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық талдауын тыңдаушыға әсер етудің белгілі бір ниеттері мен стратегияларын өзектейтін жағдайлардағы сөйлеу басымдықтарын қарастыру арқылы жүзеге асыруға болады» [9, 132-б.]. Осылайша, қазақ саясаткерінің сөйлеу портретін прагмалингвистикалық және сындарлы дискурстық тұрғыдан кешенді талдау саяси коммуникацияның тетіктері мен оның қоғамдық санаға әсерін тереңірек түсінуге жол ашады.

Зерттеуіміз саясаткерлердің сөйлеу портреті төңірегінде болғандықтан, «саясат», «саясаткер» деген ұғымдардың мәніне де тоқталамыз, «Саясат - зат. Ел билеу ісінде мемлекеттер аралығындағы немесе әлеуметтік топтар аралығындағы қарым-қатынастарға байланысты істелетін бүркемеленген әртүрлі іс-әрекеттер мен шаралар» [10]. «*lat: Siasatker - өз қызметінде нақты саяси идеологияны басшылыққа ала отырып және нақты саяси жағдай қажеттіліктеріне сай шешімдер қабылдайтын, кәсіби саясатпен айналысушы адам. Саясаткердің интеллектуалдық әлеуеті оның қызметінің тиімділігіне ықпал етеді. Саясаткер белгілі идеология өкілі болғандықтан, бір жағынан, оның мақсаттарына сәйкес, екінші жағынан, нақты саяси жағдай қажеттіліктеріне сай өз қызметін жүзеге асыруға тырысады. М.Вебер саясатты кәсіп ретінде қарастыра отырып, саясаткерлерді үш түрге бөледі: «кездейсоқ», «жұмысына қосымша» және «кәсіби». Кәсіби саясаткер саясат әлеміне жататын, оның кәсіби қызметі саяси шындықты өзгертуге бағытталған мүддеге негізделеді*» [10]. Билік, идеология және әлеуметтік қатынастардың саясаткерлер сөзінде қалай көрініс табатынын анықтауға мүмкіндік беретін **сындарлы дискурс-талдау әдісіне** толығырақ тоқталамыз. Сындарлы лингвистика мен сындарлы дискурстық талдау – тіл мен дискурсты зерттеудің ортақ тәсілі, тілде көрініс табатын билік, үстемдік және әлеуметтік теңсіздікті талдаумен байланысты. Әдістің негізгі аспектілері, *лексика-семантикалық талдау* – саясаткерлер өз

ұстанымдары мен аудиториясын сипаттау үшін қолданатын негізгі сөздер мен терминдерді зерттеу [11, 127-6.]. Ақпаратты қабылдауды қалыптастыру үшін саяси, дипломатиялық, медиа және жарнамалық сөйлеуде қолданылатын *риторикалық стратегияларға* сендіру, аудиторияға әсер ету, дұрыс имидж құру, жанжалды бәсеңдету немесе пікірді манипуляциялау сияқты коммуникативті мақсатқа жетуге бағытталған сөйлеуді ұйымдастырудың тәсілдері жатады. Мысалы, метафоралар, эвфемизмдер, қарама-қарсы қою («біз» және «олар»). Прагмалингвистикалық *тұрғыдан имплициттік мағыналарды талдау* – ашық айтылмаған, бірақ астарлап жеткізілген жасырын мағыналарды анықтау [11, 127-6.].

Қазақстан Президенті Санкт-Петербургте өткен ПМЭФ–2022 аясындағы әңгіме барысында Қазақстан басшылығының шешімдері мен елде болып жатқан оқиғаларға қатысты орынсыз пікір білдірген ресейлік депутаттарға, журналистерге және мәдениет қайраткерлеріне ашық түрде өз наразылығын білдірді: *«Я, пользуясь этой трибуной, хотел бы выразить некоторые претензии к высказываниям ряда российских депутатов – абсолютно некорректные высказывания в адрес Казахстана, неточные высказывания журналистов и даже деятелей культуры»*.

Я признателен Владимиру Владимировичу, который исчерпывающим образом сегодня изложил позицию высшего руководства по отношению к Казахстану. Действительно, у нас нет никаких вопросов, которые можно было бы муссировать, сея рознь между нашими народами, тем самым нанося ущерб самой России».

Эти высказывания мне не очень понятны. Как говорится, на чью мельницу льют воду эти деятели, которые странным способом комментируют решения руководства Казахстана или события, которые происходят в нашей стране» NUR.KZ тілшісі [12]. Қазақстан президенті Қ. Тоқаевтың сөйлеу портретін сипаттау мақсатында, жоғарыда келтірілген форумдағы сөйлеген сөзіне **лексико-семантикалық** талдау жасап көрейік. Лексика-семантикалық талдау тіл білімінің прагмалингвистика саласына негізделіп, сөйлеушінің ниетін және тыңдаушыға әсер ету тәсілдерін қарастырады. Саясаткердің қандай сөздік қорды қолданғанын, сөйлеу мәнерін және оның әсер ету тәсілдері анықталып, жеке сөздері мен сөз өрнектерінің (выражения) мағынасына назар аудартып, олардың коннотациялық, бағалауыштық бояуын, стилистикалық ерекшеліктерін және мәлімдемелердің жұмсарту/күшейту жолдары анықталады. Лексикалық-семантикалық талдаудың негізгі аспектілері: кілт сөздер мен терминдер – тірек сөздердің негізгі семантикалық және эмоционалды мағынасын анықтау; коннотацияларды талдау – сөздердің оң, теріс немесе бейтарап бояуы (мысалы, «некорректные высказывания (дұрыс емес мәлімдемелер)» мағына «ложные (жалған)» деген мағынамен

салыстырғанда жұмсақтау қабылданады); синонимдік талдау – сөздер немесе сөз өрнектерін қолданғанда дәл осы сөздердің таңдалуы; метафоралар мен бейнелі мағыналар – образдардың мағынаны күшейту немесе жұмсарту үшін қолданылуы «лить воду на чужую мельницу» – ұнамсыз мағынада қолданылған фразеологизм қолданысы).

Лексика-семантикалық талдау автордың семантикалық екпінін анықтап, ақпаратты жұрттың қабылдауына қалыптастырып, тереңірек түсінуге көмектеседі. Қазақстан президенті сөзіндегі *«трибуна, претензии, некорректные высказывания, неточные высказывания, журналисты, депутаты, деятели культуры, позиция высшего руководства, рознь между народами, ущерб России, непонятные высказывания, лить воду на чужую мельницу»* деген **кілт сөздер** мен сөз тіркестер айтылған ойдың басты мағынасы мен бағытын айқындайды. Мысалы, трибуна – көпшілік алдында сөйлеудің, ресми мәлімдеменің нышаны; шағымдар (*претензии*) – келіспеушілік, сын білдіру; дұрыс емес мәлімдемелер (*некорректные высказывания*) – сөйлеу актілерін олардың қолайсыздығын көрсететін бағалау; дәл емес мәлімдемелер (*неточные высказывания*) – қателікті білдіретін жеңілдетілген сын; журналистер, депутаттар, мәдениет қайраткерлері – сын айтылған топтар; жоғары басшылықтың ұстанымы (*позиция высшего руководства*) – беделді пікір, ресми желі; халықтар арасындағы алауыздық (*рознь между народами*) – жанжал қаупінің көрсеткіші; Ресейге зиян келтіру (*ущерб России*) – келеңсіз салдарларды дәлелдеу; түсініксіз айтылған сөздер (*непонятные высказывания*) – қарсыласуды жұмсарту стратегиясы; басқа біреудің диірменіне су құю (*лить воду на чужую мельницу*) – Біреудің диірменіне су құю – оның айналуына көмектесу, оны жылдамдату, іспен немесе сөзбен бір нәрсеге үлес қосу дегенді білдіреді.

Коннотациялар – сөйлеудің прагматикалық әсерін күшейтетін сөз мағыналарының эмоционалды, бағалауштық және стилистикалық реңктері. Мысалы, Қ-Ж. Тоқаев сөзіндегі негізгі коннотациялар: теріс коннотация (алшақтату, сынау, мінеу) «*Сея рознь между нашими народами*» деструктивті мәлімдемелерге алаңдаушылық білдіріп, бірлікке қауіп төндіріп тұрғанын меңзейді. Бұл жерде адамның ақылға қонымсыз әрекеттерімен «керісінше өз қарсыластарына, жауларына көмектескені» айтылып тұр. Жалпы саясаткер сөзі көбінесе публицистикалық және ресми-іскери стильде болғандықтан, онда «халықтар арасындағы алауыздық туғызу (*рознь между народами*), басқа біреудің диірменіне су құю (*лить воду на чужую мельницу*) сияқты экспрессивті құралдар мен логикалық дәлелдер де бар.

Жағымды коннотациялар (дипломатия, серіктестікке баса назар аудару) «Владимир Владимировичке ризамын» – құрмет білдіру, одақтастық қатынастарды растау. «Позицияны жан-жақты сипаттады» – Ресейдің

позициясының сенімділігін, айқындылығын көрсетеді. Осылайша, жағымды коннотациялар, тілдік-стилистикалық құралдардың жиынтығы ретінде қоғамдық санада жағымды бейне қалыптастыруға, сенім ұялатуға және электоратпен тиімді коммуникация орнатуына бағытталады. Саясаткер ойын эмоционалды түрде жеткізіп, оған бағалаушылық мән беруге, сөйтіп халық қолдауына ие болуға ұмтылады.

Осылайша, саяси дискурстағы коннотациялар – саясаткердің прагматикалық мақсатын жүзеге асыруға бағытталып, сөйлеудің бағалаушылық, эмоционалды және экспрессивті реңкін күшейтетін маңызды тілдік құралдар. Саясаткер сөзіндегі жағымды және жағымсыз коннотациялар белгілі бір саяси ұстанымдарды білдірумен қатар, қоғамдық пікірге әсер етуге, электоратпен сенімді байланыс орнатуға қызмет етеді. Адресаттар идеологиялық прагматикалық тұрғыдан қуатталған сөйлеушінің (спикердің) сөйлеген сөзін тыңдау арқылы қажетті дүниетаным қалыптастырады. Мұндай коннотациялар арқылы саясаткер өз бейнесін қалыптастырып, саяси дискурстағы риторикалық ықпалын жүзеге асырады.

Соымен қатар, прагматикалық және дискурстық талдау үлгілерінің негізгі аспектісі болып табылатын сыпайылық пен сақтық формулаларының қолданылуы: «может быть, это будет не совсем уместно, но тем не менее...» – сынның өткірлігін жұмсартып, ашық қарсыласудан аулақ болуға мүмкіндік берсе, теріс бағалау: «абсолютно некорректные высказывания», «неточные высказывания» келіспеушілікті білдіреді, бірақ «жалған-ложные» немесе «қорлау-оскарбление» деген сөздерге қарағанда жұмсақ естіледі. Кремілге қатысты позитивті терминдер: «исчерпывающим образом изложил позицию высшего руководства» – бұл Кремльге деген құрметті білдіреді және оның ұстанымы Қазақстан үшін қолайлы екенін көрсетеді. Осылайша, президент наразылықты білдіре отырып, дипломатиялық риториканы сақтайды. Сындарлы дискурстық талдаудың келесі аспектісі ретінде риторикалық стратегияларды қарастырамыз. Саясаткерлердің сөйлеу портретіндегі риторикалық стратегиялар прагматикалық тұрғысынан қарастырғанда коммуникативтік мақсатын, әлеуметтік рөлін және адресатқа ықпал ету ниетін жүзеге асыратын прагматикалық тілдік бірліктер мен тәсілдер жүйесі ретінде сипатталады. Бұл стратегиялар саясаткердің дискурстағы позициясын нығайтуға, сенім ұялату мен қоғамдық пікірге ықпал етуге бағытталған. Прагматикалық аспектіде саясаткер сөзі: иллюкативтік мақсаттарға (нұсқау беру, келісімге шақыру, сын айту, ынталандыру) бағынады; сыпайылық пен сақтық стратегиялары арқылы қарым-қатынас этикетін сақтап, әлеуметтік қақтығысты болдырмауға ұмтылады; бағалаушылық лексика мен коннотациялар арқылы мәтінге эмоциялық реңк береді; манипулятивтік және сендіру стратегиялары арқылы

тыңдаушының қабылдауын бағыттап, электораттың реакциясын болжауға және басқаруға тырысады; имидж қалыптастырушы құралдар ретінде өзін жағымды бейнеде көрсетуге мүмкіндік береді (мысалы, «бірлік», «тұрақтылық», «жауапкершілік» сияқты позитивті лексема қолдану).

Осылайша, саясаткердің сөйлеу портретіндегі риторикалық стратегиялар – прагматлингвистикалық талдаудың басты нысаны ретінде, дискурстағы коммуникативтік тиімділікті, әлеуметтік мәртебені және идеологиялық бағдарды айқындайтын күрделі тілдік-прагматикалық құбылыс болып табылады. «... в результате чего сам набор реализуемых стратегий и тактик может стать основой речевого портретирования [13, 52-б.]. Сонымен қатар, қақтығысты жұмсарту мақсатында «араздық» немесе «жанжал» сөздерінің орнына «біздің халықтар арасында алауыздық тудыру (сея рознь между нашими народами)», «осылайша зиян келтіреді (тем самым нанося ущерб)» сияқты жұмсақ сипаттарды қолданады. Яғни, саяси дискурста идеялардың басқаларға қалай әсер ететіндігі, биліктің сөз сөйлеуіндегі қолдау және қолдамау аспектілері қамтылады: «The character of polemical discourse refers to power in terms of the manner in which ideas attack others. In short, speech contains aspects of support and rejection» [14, 48-б.]. «Біз және Олар» стратегиясы: «Біз» – Қазақстан мен оның халқы, Кремль де достық қатынастағы тарап ретінде көрсетіледі. «Олар» – «кейбір ресейлік депутаттар, журналистер, мәдениет қайраткерлері», олардың айтқандары «дұрыс емес» дей отыра, жеке тұлғаларға сын айтылмайды, бұл өткір қарсыластықтан қашуға мүмкіндік береді. Достыққа үндеу: «Шындығында, бізде талқылайтын ешқандай мәселе жоқ ... *(Действительно, у нас нет никаких вопросов, которые можно было бы муссировать...)* » – бұл келіспеушіліктердің жасанды екенін меңзейді және олардың маңызын төмендетеді. Бұл стратегиялар Қазақстанды тәуелсіз, бірақ достық қатынастарды сақтайтын ел ретінде көрсетуге бағытталған. ИмPLICIT мағыналар: «Мен Владимир Владимировичке ризашылығымды білдіремін» деп, Кремльдің радикалды мәлімдемелерді қолдамайтынын астарлап жеткізу, немесе «маған бұл пікірлер онша түсінікті емес» дегенде, шын мәнінде, бұл пікірлердің оған ұнамайтынын білдіреді, бірақ ол оны ашық түрде айтпайды. Осылайша, Ел Президенті Қазақстанға бағытталған сынды жұмсақ түрде жеткізеді. Алаңдаушылық білдірсе де, Ресеймен қарым-қатынасты нашарлатқысы келмейді, жасырын мағыналар арқылы дипломатиялық әсерді күшейтіп, жағдайды ушықтырмай өз ұстанымын білдіреді.

Қорытынды

Қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін прагматлингвистикалық тұрғыдан зерттеу – қазіргі саяси дискурстың маңызды және өзекті бағыты. Бұл талдау түрі саясаткердің тұлғалық болмысын, коммуникативтік

стратегияларын және қоғамға әсер ету тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді: «In sum, politicians utilize language to modify people's ideas and understanding, and send upbeat messages about their agenda and actions and downbeat indications about their opponents' intentions and deeds.» [15, 427-6.]. Сөйлеу портреті арқылы саяси коммуникацияның тиімділігі, әлеуметтік мәртебесі мен саяси беделі қалыптасып, қоғамның санасына ықпал ету тетіктері айқындалды. Саяси дискурс – саясаткердің тұлғалық болмысын, қоғамдық рөлін және ықпал ету стратегияларын айқындайтын маңызды коммуникативтік құбылыс. Оның прагматлингвистикалық және семантикалық аспектілерін зерделеу арқылы саясаткердің тілдік құралдарды қалай қолданатыны, аудиториямен қарым-қатынас орнату тәсілдері және қоғамдық санаға әсер ету тетіктері анықталады. Дискурстық талдау билік пен идеологияның тіл арқылы жүзеге асуының рөлін ашып, әлеуметтік-мәнмәтіндік маңызын терең түсінуге ықпал етеді. Зерттеуімізде саяси дискурс теориясы мен тілдік тұлға концепциясына негізделген, риторикалық және прагматикалық стратегиялар анықталды. Қолданылған әдістер арқылы саясаткердің сөйлеу мәнерін, тілдік құралдарын және қоғамға әсер ету тетіктерін білдіретін қырлары жан-жақты сипатталды. Мақалада қарастырылған мәселелер қазақ саясаткері саяси дискурсы мен саясаткердің сөйлеу ерекшеліктерін, сөйлеу шеберлігін анықтайтын талдаулар, теориялық тұрғыдан саяси дискурстың құрылымы мен әлеуметтік қызметін түсіндіруге бағытталған, практикалық жағынан саясаткердің тұлғалық бейнесін қалыптастыратын тілдік құралдарды талдауға кешенді зерттеулер әлі де қажет екенін білдіреді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Аманбаева, А. Ж.** Саяси дискурс : просодикалық ерекшеліктер мен прагматлингвистикалық қызметі. – TILTANYM. – 2020. – 36–42-бб.

2 **Баранов, А. Н., Михайлова О. В., Сатаров Г. А., Шипова Е. А.** Политический дискурс : методы анализа тематической структуры и метафорики. – М. : Фонд Индем, 2004. – С. 7–8.

3 **Дейк Ван, Т. А.** Язык. Познавание. Коммуникация. – М., 1989. – 310 с.

4 **Шейгал, Е. И.** Семиотика политического дискурса. Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук : 10.02.01 – Русский язык, 10.02.19 – Общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика. Волгоградский ГПУ. – Волгоград, 2000. – 440 с.

5 **Карасик, В. И.** Языковой круг : личность, концепты, дискурс : Монография. – Волгоград : Перемена, 2002. – 477 с.

6. **Арутюнова, Н. Д.** Метафора и дискурс Теория метафоры. – М., 1990. – С. 5–32.

7 **Вежбицкая, Анна.** Язык. Культура. Познание : [пер. с англ.] / Анна Вежбицкая ; отв. ред. и сост. М. А. Кронгауз ; вступ. ст. Е. В. Падучевой. – Москва : Рус. слов., 1996. – 411 с.

8 **Ахатова, Б. А.** Политический дискурс : формы выражения языкового сознания : автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук : 10.02.19. – Алматы, 2007. – 44 с.

9 **Кожаметова, К. Е.** Қазақ саясаткерлері сөйлеу портретінің прагмалингвистикалық аспектілері [Мәтін] / К. Е. Кожаметова, Б. М. Кадырова, Б. Р. Кожаметова // Торайғыров ун-нің Хабарш. Филология. сериясы. – 2021. – № 2. – 127–133 б. – Библиогр.: 132 б.

10 **Қалиев, Б.** «Мұқағали тілі» сөздігі / Б. Қалиев, Б. Ж. Түймебаев, Ж. Құрманбайұлы, Ш. Исакова. – Алматы : Керемет медиа, 2019. – 1063 б. – ISBN 978-601-80767-5-6 [Электронды ресурс]. – URL: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=55> Кіру режимі : Электрондық мемлекеттік кітапхана қорының каталогы. –Мәтін : электронды.

11 **Макаров, М. Л.** М15 Основы теории дискурса. – М. : ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с. – ISBN 5-94244-005-0. – С. 94–95.

12 IT-компания NUR.KZ – казахстанская IT-компания – 2009. [Электронный ресурс]. – <https://www.nur.kz/about-us.html> : (Дата обращения: 27.05.2025).

13 **Ергалиева, С.** Лингвоперсонологический потенциал политических интернет-комментариев / С. Ж. Ергалиева, Н. В. Мельник – // Политическая лингвистика. – 2019. – № 3 (75). – С. 46–53. [Электронный ресурс]. – URL: <https://clck.ru/3MJDUm> (жүгінген күн: 27.05.2025).

14 **Drămnescu, B.** Pragmatic Approaches in the Analysis of the Political Discourse / Bianca Drămnescu // Trivent Publishing © The Authors, 2016 : Philosophy, Communication, Media Sciences Volume: Communication Today : An Overview from Online Journalism to Applied Philosophy. – p. 45–51. – URL: <https://clck.ru/3MJFNd> (Date of request: 27.05.2025).

15 **Raid Muhammad Jasim.** Semantic and Rhetorical Study of Manipulation in Two English and Arabic Political Speeches / Raid Muhammad Jasim., Sabah S. Mustafa // Arab World English Journal (AWEJ). Volume 11. Number 4 December – 2020. – [Electrons resource]. – URL: <https://clck.ru/3MJHFj> (Date of request: 27.05.2025).

References

- 1 **Amanbaeva, A. Zh.** Sayasi diskurs: prosodikaly`q erekshelikter men pragmalıngvistikaly`q qy`zmeti. [Political discourse : prosodic features and pragmalinguistic function.] – TILTANYM. – 2020. – p. 36–42.
- 2 **Baranov, A. N., Mixajlova, O. V, Satarov, G. A., Shipova, E. A.** Politicheskij diskurs : metody` analiza tematicheskoj struktury` i metaforiki. [Political discourse : methods of analyzing thematic structure and metaphors] – Moscow : Fond Indem, 2004. – p. 7-8.
- 3 **Dejk, van T. A.** Yazy`k. Poznanie. Kommunikaciya. [Language. Cognition. Communication.]. – M., 1989. – 310 p.
- 4 **Shejgal, E. I.** Semiotika politicheskogo diskursa. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni doktora filologicheskix nauk : 10.02.01 – Russkij yazy`k, [Semiotics of political discourse. Dissertation for the degree of Doctor of Philology : 02/10/2011 – Russian language]10.02.19 – Obshee yazy`koznanie, sociolingvistika, psixolingvistika. Volgogradskij GPU. [02.10.19 – General linguistics, sociolinguistics, psycholinguistics. Volgograd GPU]. – Volgograd, 2000. – 440 p.
- 5 **Karasik, V. I.** Yazy`kovoj krug: lichnost`, koncepty`, diskurs Monografiya [The language circle : personality, concepts, discourse Monograph]. – Volgograd : Peremena Publ., 2002. – 477 p.
- 6 **Arutyunova, N. D.** Metafora i diskurs Teoriya metafory [Metaphor and Discourse Theory of metaphor]. – M., 1990. – 5–32 pp.
- 7 **Vezhbiczkaya, Anna.** Yazy`k. Kul`tura. Poznanie : [per. s angl.] [Language. Culture. Cognition : [trans. from English] / Anna Vezhbiczkaya ; otv. red. i sost. M. A. Krongauz ; vstup. st. E. V. Paduchevoy. – Moscow : Rus. slov., 1996. – 411 p.
- 8 **Akhatova, B. A.** Politicheskij diskurs : formy` vy`razheniya yazy`kovogo soznaniya: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora filologicheskix nauk: 10.02.19 [Political discourse : forms of expression of linguistic consciousness: abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Philology] / – Almaty`, 2007.
- 9 **Kozhakhmetova, K. E., Kady`rova, B. M., Kozhakhmetova, B. R.** Qazaq sayasatkerleri sojleu portretinin pragmalıngvistikaly`q aspektileri [Pragmalinguistic aspects of the speech portrait of Kazakh politicians] Torajgy`rov universitetinin Habarshy`sy`. Filologiyaly`q seriyasy`. – № 2. – 2021. – p. 127–135. ISSN 2710-3528
- 10 **Qaliev, B., Tujmebaev, Zh., Qurmanbajuly, Sh., Isakova, S.** «Muqagali tili» sozdigi [Dictionary of «Mukagali language»]. – Almaty, 2017. – ISBN 978-601-80767-5-6 [Electronic resource]. – <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=55> : Access mode: catalog of the electronic State Library Fund.

11 **Makarov, M. L.** M15 Osnovy` teorii diskursa. [Fundamentals of the theory of discourse.]. – М. : ITDGK «Gnozis», 2003. – 280 p. – ISBN 5-94244-005-0. – P. 94-95.

12 IT kompaniasy NUR.KZ – qazaqstandyq IT-kompania [Electrons resource]. – <https://www.nur.kz/about-us.html>: (Date of Access: 27.05.2025).

13 **Ergalieva, S. Zh., Meġnik, N. V.** Lingvopersonologicheskij potencial politicheskix internet-kommentariiev [Linguistic and personal potential of political Internet comments] // Politicheskaya lingvistika. – 2019. – № 3 (75). – P. 46–53. – [Electronic resource]. – URL: <https://clck.ru/3MJDUm> (Date of Access : 27.05.2025).

14 **Drămnescu, B.** Pragmatic Approaches in the Analysis of the Political Discourse / Bianca Drămnescu // Trivent Publishing © The Authors, 2016 : Philosophy, Communication, Media Sciences Volume : Communication Today : An Overview from Online Journalism to Applied Philosophy. p. 45–51. – [Electronic resource]. – URL: <https://clck.ru/3MJFNd> (Date of Access : 27.05.2025).

15 **Raid Muhammad Jasim.** Semantic and Rhetorical Study of Manipulation in Two English and Arabic Political Speeches / Raid Muhammad Jasim., Sabah S. Mustafa // Arab World English Journal (AWEJ) Volume 11. Number 4 December – 2020. – [Electronic resource]. – URL: <https://clck.ru/3MJHFj> (Date of Access: 27.05.2025).

14.07.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**К. Е. Кожакметова¹, Б. Р. Кожакметова²,
Ж. Т. Балмагамбетова³, Б. К. Аязбаева⁴*

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

^{3,4}Карагандинский исследовательский

университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 14.07.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 25.08.25.

ПРАГМАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА И РЕЧЕВОГО ПОРТРЕТА КАЗАХСКОГО ПОЛИТИКА

В статье рассматриваются прагмалингвистические особенности политического дискурса и речевого портрета казахского политика. Актуальность темы обусловлена развитием политической культуры общества, расширением информационного пространства и возрастанием роли политической коммуникации. Публичные выступления политика формируют его профессиональный имидж и играют решающую роль в достижении политических целей. Основная цель исследования – выявить языковые средства, риторические приёмы и прагматические стратегии казахского политического дискурса, а также определить способы воздействия на общественное мнение посредством анализа речевого портрета. Политический дискурс рассматривается не только как средство выражения идей и ценностей, но и как инструмент манипулирования, влияния на массовое сознание и убеждения. В исследовании применён метод критического дискурс-анализа, позволяющий определить семантические и прагматические аспекты речевого портрета политика. В ходе анализа выявляется роль эмоциональных обращений и риторических стратегий в достижении политических целей. Теоретически работа способствует более глубокому пониманию структуры и функций политического дискурса, а практически – через прагмалингвистический анализ ораторской речи рассматриваются языковые средства, формирующие личностный образ политика. Исследование направлено на выявление особенностей политической коммуникации казахского политика и более глубокое понимание взаимосвязи языка и политики.

Ключевые слова: политический дискурс, прагмалингвистика, речевой портрет, лексико-семантический анализ, критический дискурс-анализ, риторические приёмы, манипулятивные инструменты, общественное сознание, социально-коммуникативные ситуации.

*K. E. Kozhakhmetova¹, B. R. Kozhakhmetova²,

J. T. Balmagambetova³, B. K. Ayazbayeva⁴

^{1,2}Toraigrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

^{3,4}E. A. Buketov Karaganda Research University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Received 14.07.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 25.08.25.

PRAGMALINGUISTIC ASPECTS OF POLITICAL DISCOURSE AND SPEECH PORTRAIT OF KAZAKH POLITICIAN

The article examines the pragmalinguistic features of the political discourse and speech portrait of the Kazakh politician. The relevance of the topic is due to the development of the political culture of society, the expansion of the information space and the increasing role of political communication. A politician's public appearances shape his professional image and play a crucial role in achieving political goals. The main purpose of the study is to identify linguistic means, rhetorical techniques and pragmatic strategies of Kazakh political discourse, as well as to identify ways to influence public opinion through the analysis of speech portrait. Political discourse is considered not only as a means of expressing ideas and values, but also as an instrument of manipulation, influence on mass consciousness and beliefs. The study uses the method of critical discourse analysis, which makes it possible to determine the semantic and pragmatic aspects of the speech portrait of a politician. The analysis reveals the role of emotional appeals and rhetorical strategies in achieving political goals. Theoretically, the work contributes to a deeper understanding of the structure and functions of political discourse, and practically, through a pragmalinguistic analysis of public speaking, linguistic means that form the personal image of a politician are considered. The research is aimed at identifying the features of political communication of the Kazakh politician and a deeper understanding of the relationship between language and politics.

Keywords: political discourse, pragmalinguistics, speech portrait, linguistic means, rhetorical techniques, manipulative tools, public consciousness, socio-communicative situations.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz